

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДИАЛОГІ: ТӨРАҒАЛЫҚ АЯҚТАЛДЫ

Қазақстанның Орталық Азия елдерінің әйелдер диалогіндегі төрағалығы аяқталды. Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Астана қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен ұйымдастырылған халықаралық конференцияны қорытындылай келе, форумының 2023 жылғы жемісті жұмысын атап өтті.



Осы жылдың қорытынды конференциясы «Өңірдегі гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл: тиімді және орнықты бірлескен шешімдер іздеу» тақырыбына арналды. Талқылауға Қазақстан және Өзбекстан парламенттерінің спикерлері, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелері, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан парламентшілері, мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпусдың өкілдері қатысты.

Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасының Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогіне 2023 жылғы төрағалығын қорытындылай келе, осы уақыт ішінде диалог алаңында инновациялар мен технологияларды, жаһандық аспектідегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті дамыту, климаттың өзгеруі, терроризм мен экстремизмге қарсы күресте әйелдер мен жастардың рөлі сияқты өзекті мәселелер көтерілгенін атап өтті. Сондай-ақ ол осы отырыстың күн тәртібінің өзектілігіне тоқталды.

— Қазақстан адам құқықтары, әйелдер құқығы, гендерлік теңдік және басқа да көптеген халықаралық конвенцияларды ратификациялады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді. Біз өтініш беру тәртібінен анықтау тәртібіне көштік. Бүгінде заң шығарушы ретінде жұмысты тереңдете түстік. Депутаттар осы саладағы заңнамалық түзетулердің жаңа пакетін әзірлеуге кірісті. Ең әуелі біз тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеуді жоспарлап отырмыз, — деді Мәжіліс спикері.

Ерлан Қошанов бұл мәселеде идеологиялық жұмысты дұрыс жүргізу қажеттігін де атап өтті.

— Отбасындағы ерлердің толық үстемдігі туралы бұрмаланған идея өткеннің еншісінде қалуы керек. Мектеп қабырғасынан бастап жас ұрпақтың санасына дұрыс құндылықтарды сіңіру қажет. Халық арасында құқықтық мәдениет қалыптастырып, тұрмыстық вандализмнің кез келген түріне төзбеушілік танытқан жөн. Мемлекет басшысы айтқандай, әділдікті және заң үстемдігін қатаң ұстануға тиіспіз, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Дания Еспаева биылғы конференцияның «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні» аясында өтіп жатқанын, бұл Орталық Азияда зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен азат аумақ құруға деген ұмтылысты айқын көрсететініне назар аударды.

Өз кезегінде Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының төрағасы Танзила Нарбаева гендерлік зорлық-зомбылықпен күрестегі Өзбекстанның тәжірибесімен бөлісті. Биыл онда әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтіліп, тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнама қайта қаралған.

Ал Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылықты заңнамалық деңгейде қылмыс деп таныған бірінші ел Қырғызстан болды. Бұл туралы Қырғызстанның Жогорку Кеңеш төрағасының орынбасары Жәмилә Исаева айтты.

Форум соңында делегаттар Орталық Азия елдерінің әйелдер диалогі конференциясына қатысушылардың «Өңірдегі гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл: тиімді және орнықты бірлескен шешімдер іздеу» атты мәлімдеме қабылдады. Диалог мүшелері өз мәлімдемесінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрін айыптайды және әйелдерді қорғау мен қолдаудың тиімді заңнамалық және құқықтық тетіктерін құруды қолдайды.

Дания Еспаева Қазақстанның Диалогке төрағалығы кезінде осы өңірлік алаңды институционалдық тұрғыдан нығайту бойынша ауқымды жұмыс атқарылғанын атап өтті. Ол Диалогқа қатысушы барлық елдерге, БҰҰ Орталық Азиядағы превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орталығына, «БҰҰ—Әйелдер» ұйымына, БҰҰ Даму бағдарламасына және Еуропалық Одақтың бөлімшелеріне белсенді жұмысы үшін алғысын білдірді.

Жыл бойы бірқатар іс-шара өтті. 2023 жылдың маусым айында Астанада өткен «Инновациялар мен технологияларды дамытудағы әйелдердің рөлі» конференциясында әйелдердің инновациялық жобалары мен жаңа технологиялары таныстырылды. «TechnoWomen Орталық Азия» әйелдер қауымдастығын құру бастамасы қолдау тапты, нәтижесінде Тендік ұрпағы форумы аясында Қазақстан «Гендерлік тендікке арналған технологиялар мен инновациялар» іс-әрекет коалициясына қосылды.

2023 жылдың қазан айында Алматыда азаматтық қоғамның, белсенділердің және халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткен «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» халықаралық конференциясында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қарарларының қағидаттарын іске асыру мәселелері талқыланды. Диалог мүшелері мен Орталық Азия елдерінің азаматтық қоғам өкілдерінің Еуропарламент құрылымдарының жұмысымен танысу үшін 2023 жылғы қарашадағы Брюссельге сапары жоғары бағаланды.

Орталық Азия елдерінің әйелдер диалогіне төрағалық Қырғыз Республикасына өтті.

ӨЗБЕКСТАН ОЛИЙ МАЖЛИСИ СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев «Орталық Азия әйелдерінің диалогі» атты халықаралық конференцияға қатысу үшін елімізге келген Өзбекстан Олий Мажлисі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесті.



Мәулен Әшімбаев Қазақстан Парламенті өткізіп жатқан халықаралық конференцияға қатысканы үшін Танзила Нарбаеваға алғыс білдірді. Сондай-ақ Өзбекстанның Орнықты даму максаттарына қол жеткізу жолында Парламентаралық ынтымақтастықтың екінші жаһандық форумын сәтті өткізуімен құттықтады. Сенат Спикері Ташкентте өткен форумының маңызына тоқталып, мұндай іс-шара Орнықты даму максаттарына қол жеткізу, ұлттық максаттар мен міндеттерді іске асыруда заңнаманы жетілдіру және парламенттік бақылау тетіктерін нығайту бағытында Парламент депутаттарының бірлескен жұмысын жандандыра түсетінін айтты.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша биыл маусым айында Орнықты даму саласындағы ұлттық максаттарын мен міндеттерін іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия құрылды. Комиссияның жұмысына сарапшылар және азаматтық қоғам өкілдері белсенді қатысып

келеді. Орнықты даму максаттарын іске асырудың және индикаторлардың ұлттық жүйесін жандандырудың тиімді тәсілдері қалыптасып жатыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Орнықты даму максаттарын ел деңгейінде сапалы іске асыру Парламенттің осы бағыттағы күн тәртібіне ерекше көңіл бөлуіне байланысты болып отыр. Бұл ретте Қазақстан мен Өзбекстан өзара іс-қимылды арттырып, Орнықты даму максаттарының іске асырылуына парламенттік бақылау жүргізу бойынша тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік бар», — деді Мәулен Әшімбаев.

Өз кезегінде Танзила Нарбаева елімізде жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жоғары бағалады. Сондай-ақ ол Қазақстанның Орнықты даму максаттарына қол жеткізу жолындағы ұстанымының маңыздылығына назар аударды. Өзбекстан Олий Мажлисі Сенатының Төрағасы бірлесіп әрекет етудің берері мол екенін айта келе, түрлі сала бойынша ортақ жобаларды іске асыруға дайын екенін жеткізді.

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫСТЫ БАҚЫЛАМАҚ

Сенат бюросы жиынында депутаттар 7 желтоқсан күні өтетін палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес Сенат отырысында «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» заң қаралады. Хаттамада Бала құқықтары туралы конвенцияда бекітілген құқықтар бұзылған кезде балалардың немесе олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) шағымдарын қарау тетіктері белгіленеді. Оның қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар мемлекетке тиісті шаралар қабылдау үшін беріледі.

Сондай-ақ сенаторлар алдағы бейсенбіде «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл заң тиісті салада сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға арналған.

Бюро отырысында азаматтық қорғаныс жүйесін жетілдіру мәселелеріне арналған парламенттік тыңдауға дайындық барысы да талқыланды. Осы

іс-шара аясында Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің сенаторлары Астанада өтетін биік ғимараттардағы өрттерді сөндіру жаттығуларына қатысады.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев мемлекет тарапынан бұл бағытта тиісті шаралар қабылданып жатқанын, соған қарамастан әлі де болса шешімін таппаған маңызды мәселелер бар екенін атап өтті.

«Сонғы жылдары мемлекет азаматтық қорғаныс жүйесін жетілдіру мәселесіне басымдық беріп келеді. Сенаттың салалық комитеті де айтарлықтай жұмыс атқаруда. Дегенмен әлі де шешімін таппай келе жатқан мәселелер бар. Өткен аптада Алматы қаласында болған өрт салдарынан 13 адам қаза тапты. Осы ретте қаза тапқандардың жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз және зардап шеккендердің тезірек сауығып кетулерін тілейміз. Алдағы уақытта осындай қайғылы оқиғалар қайталанбасы үшін бұл бағытта белсенді жұмыс істеуіміз керек», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Бюро отырысында Парламент Мәжілісінен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

ӘРІПТЕСІНЕ ОҚ АТҚАН

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданындағы Қиялы шекара заставасында 22 жастағы Мәтжан Жанесенов көз жұмды. Оған әріптесі оқ атқан.

Ақтөбе гарнизонының әскери прокуратурасының хабарлауынша, оқиға 2 желтоқсан күні болған.

«ҰҚК Ақтөбе облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің «Қиялы» шекара заставасында келісімшарт бойынша еңбек ететін әскери қызметші әріптесімен жанжалдасып қалған. Содан кейін өзіне бекітілген қарудан оқ атқан. Жәбірленуші жедел жәрдем көлігінде қайтыс болды. Аталған

факті бойынша Батыс өңірлік Әскери тергеу басқармасының Ақтөбе бөлімі Қылмыстық кодекстің 99-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады. Қылмыстық іс бойынша күдікті ұсталды. Қазір тергеу амалдары жүріп жатыр. Басқа мәліметтер ҚПК 201-бабына сәйкес жарияланбайды», — деп хабарлады Ақтөбе гарнизонының әскери прокуратурасы.

Айта кейік, Мәтжан Жанесенов — Ақтөбе облысы Байғанин ауданының тумасы.

«Отбасына қамқор болып отырған бала. Әлі сене алмай отырмыз», — деді апасы Айгүл Жанесенқызы.



ҚЫЗЫЛШАДАН КӨЗ ЖҰМҒАНДАР ЖОҚ

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинаят Алматыдағы университеттердің бірінің жатақханаларында қызылшадан екі студент көз жұмғаны туралы ақпараттың жалған екенін айтады.

«Елімізде бүгінгі күні қызылша ауруынан көз жұмған адам жоқ. Медициналық қызметкерлер түсіп жатқан науқастарға дер кезінде көмек көрсетіп жатыр. Жабық оқу орындарында жұмыс істейтін немесе жатақханаларда тұратын студенттер не болмаса адам көп тоғысқан жерде болған балалар бұрын вакцина алмағандықтан, ешқандай иммунитеті жоқ болғандықтан ауырып жатыр. 1-2 бала үшін карантин болмайды», — дейді министр.

Ғинаяттың сөзінше, ауырған балалар окшауланады. Егер олардың жағдайы ауыр болса, онда ауруханаға жатқызылады. Ауыр болмаса, үйде окшаулау әдістері қолданылады.

Министрліктің дерегінше, бүгінгі таңда қызылша ауруы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз. Республикада қызылшаның 17 мыңнан астам жағдайы тіркелген.



КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУЫТҰ ҚОРЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Өткен жұмада «AMANAT» партиясы жанындағы Жас-тарды қолдау жөніндегі рес-публикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиында еліміз-дегі креативті экономиканың бүгіні мен болашағы талқы-ланды.

Алқалы жиынға кеңес мүше-лері, Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар қауымы мен сала мамандары қатысты. Сөз басында Мәжіліс депутаты, кеңес төрағасы Нартай Сәрсенғалиев саланы дамытудың мәні мен маңызына тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақ-станның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауында еліміз-дегі креативті индустрияны дамы-туға қатысты бірқатар тапсырма жүктеді. Президент Қазақстанда бұл сала әлі дамымағанын және креативті индустрияның ішкі жал-пы өнімдегі үлесі 1%-ға да жетпей-тінін атап өтті. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 12%-ға жетіп отыр. Осыған байланысты Үкімет Креа-тивті индустрияны дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұ-жырымдамасын әзірлеп, бекітті. Аталған құжат қаншалықты жүзеге асып жатыр?», — деді кеңес төрағасы.

Өз кезегінде Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов креативті индустрия мәсе-лелері бойынша заманауи бірқатар түзету әзірленгенін және Креативті индустрияны дамыту қорын құру жұмысы қолға алынып жатқанын жеткізді.

«Президент 2021 жылы Креа-тивті индустрияны дамыту қорын құру жөнінде нақты тапсырма берген еді. Мемлекет басшысының



тапсырмасын орындау мақсатында тиісті инфрақұрылым әзірленді. Бүгінде біз аталған қорды құруға толық дайынбыз. Оны қаржы-ландыру көзі пысықталып жатыр. Айта кету қажет, қорға құйылатын қаражаттың басым бөлігі, яғни шамамен 85%-ы бюджеттен бөлін-бейді. Сондай-ақ қор ведомствоға бағынысты ұйым ретінде құрылға-нымен, креативті индустрияны дамыту жұмысымен жеке институт айналысады», — деді вице-министр.

Осы орайда Еңбек және халық-ты әлеуметтік қорғау вице-ми-нистрі Олжас Ордабаев елімізде креативті экономика саласында жұмыс істейтін азаматтардың ба-сым көпшілігі — Алматы, Астана қалаларының және Батыс Қазақ-стан, Түркістан облыстарының тұрғындары екенін атап өтті.

«Экономикалық қызмет түр-лерінің бөлінісінде креативті эконо-микада жұмыспен қамтылған-дардың ең көп саны IT, сәулет және сән, өнер, кино, теледидар сала-ларында байқалады. Жалпы, креа-тивті индустриямен айналысатын-дардың үштен бірін кәсіпкерлер құрайды. Олардың саны 30 мыннан

асып жығылады. Біздің тарапы-мыздан кәсіпкерлік бастаманы қолдаудың бір шарасы — жаңа биз-нес-идеяларды іске асыруға грант беру. Гранттар халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына конкур-стық негізде беріледі. Биыл берілген 9 102 гранттың 500-ге жуығы жас кәсіпкерлерге креативті индустрия-да жаңа бизнес-идеяны іске асы-руға бағытталды», — деді ол.

Бұл ретте Цифрлық даму, ин-новациялар және аэроғарыш өнер-кәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов аталған саланы дамыту және қолдау мақсатында ведомствоға қарасты цифрлық Astana Hub IT — стартаптар технопарк жұмыс істеп жатқанын алға тартты.

Astana Hub-тың басты мақсаты — технологиялық-инновациялық IT-стартаптарды дамыту. Бұл Hub креативті, дарынды жастардың ба-сын қосып, өз қабілет-қармын танытуына жағдай жасайды. Олар-ға салық бойынша жеңілдіктер жасалып, коуоркинг және кеңселер ұсынылады. Тын идеясы, жанашыл бастамасы бар, бірақ оны қалай жүзеге асыру керек екенін білмей жүрген азаматтарға қолдау көрсеті-

леді. Бүгінде Astana Hub IT-стар-таптар технопарк 217,5 млрд теңге көлемінде инвестиция тартты. Бұған қоса, технопарк мүшелері 230 млрд теңге сомасын құрайтын IT-тауарлар мен қызметтерді экс-порттады», — деді ол.

Ал Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан елімізде қосымша білім берудің ғылыми-техникалық, му-зыкалық, көркем-эстетикалық және өзге де бағыттары бойынша 1 745 мектептен тыс ұйым жұмыс істейтінін, бұл ұйымдарда балалар мектепте алған білімін, дағдысын дамытып, креативті ойлауға үйре-нетінін жеткізді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін 2027 жылға дейін 100 жаңа ірі ны-сан салу бойынша Жол картасының жобасы әзірленді. Бүгінде Жамбыл, Қостанай облыстарында, Астана, Алматы және Шымкент қалала-рында осындай 6 инновациялық шығармашылық орталық салынды. Бұл орталықтарда балалар ғылыми-техникалық бағыттар, 3D модель-деу, авиамодельдеу, өнеркәсіптік дизайн және тағы басқалар бо-йынша қосымша білімін арттыруда. Сонымен қатар білім беру ұйымда-рында оқушылардың зерттеу дағ-дыларын қалыптастыру үшін 3 мыннан астам робототехника каби-неті ашылып, балаларға арналған робототехника бойынша 847 курс өткізілуде», — деді вице-министр.

Оның айтуынша, елімізде 54 мыннан астам оқушыға арналған 39 IT-мектеп жұмыс істейді. Жаңа технологияларды зерделеу, білім алушыларды ғылыми жаңалық-тармен таныстыру және олардың математикалық модельдеуді қол-дану дағдыларын дамыту мақсатын-да орта білім беру ұйымдарының оқу бағдарламасына STEAM эле-менттері енгізіледі. Бүгінде елі-міздегі білім ошақтарында 2 мың STEAM-кабинеті жұмыс істеп тұр. Жиын соңында кеңес мүшелері орталық және жергілікті мемлекет-тік органдарға бірқатар ұсыныс енгізді.

Ерлан ӘБДИЕВ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

БАРШАҒА ТЕҢ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Өзгерістер дәуірінде, саясат жай өзгеріп қана қоймай, қызу қайнап жат-қан кезінде депутаттық мандаттардан мүгедектігі бар азаматтарға квота бе-рілуі Президенттің рефор-маларының ең бір револю-циялық сипатын айшықтай түседі. Өйткені бұл жай ғана реформа емес, ха-лықтың күші оның өкілде-рінің әралуандығымен көрініс табатынын паш ету еді.



Мемлекет басшысы өзгеріс-тердің қуат-күшін парламенттік билікке шоғырландырды. Әрі тек ұсынып қана қоймай, шешім қабылдау процесіне мүгедектігі бар адамдарды қосудың маңыз-дылығын да атап көрсетті. Парла-мент қоғамның айнасына ай-налды. Онда әр азамат өз мүмкін-діктеріне қарамастан ел дамуына үлес қоса алады. Бұл бастама тек сөз жүзінде қалған жоқ, сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі жандар үшін платформа жасалды. Олар-дың сарапшылық қабілеттері мен елдің саяси сипатына қосқан үлесі мойындалды.

Парламент те, мәслихаттар да мүгедектігі бар тұлғалар үшін ой-

пікірін жеткізетін мінбер ғана емес, батыл әрекет ететін аренаға айналды. Осылайша, Президент қайырымдылыққа емес, өзара қарым-қатынас пен түсіністікке шақырып отыр. Бұл революция-лық бастамада әркім өз үнін қоса отырып, ұлттың симфониясын жасауда. Осынау реформалық жаңашылдықты жаңа дәуірдің манифесті деуге болады. Онда билік ортақ меншікке айналады, ал мүгедектік — біздерді қоғамға қосу мен құрметтеудің асыл ұл-гісі. Президент баршаға тең мүм-кіндіктер есігін ашып қана қой-май, мүгедектігі бар адамдармен бірге ұлттың саяси ұлылығына да жол ашты.

ПАРТИЯҒА ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ ЗОР

Депутаттық фракция-лардың қызметін жандан-дыру, халықтың партияға деген сенімін арттыру, мәс-лихат депутаттары мен мемлекеттік органдар ара-сындағы ашық әрі тиімді диалог құру — осы және тағы да басқа мәселелер «AMANAT» партиясынан сайланған барлық деңгей-дегі мәслихат депутатта-рының I Ақмола облыстық форумында айтылды.

Көкшетау қаласында өткен форумға Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, сон-дай-ақ ардагерлер мен партия белсенділері, облыс әкімінің орынбасарлары мен облыстық басқарма басшылары қатысты. Жиынның ашылуында сөз алған аймақ басшысы өңірдің әлеу-меттік экономикалық дамуы-ның 10 айына қорытынды жа-сап, Мемлекет басшысы жүр-гізіп отырған реформалар бір-реттік іс емес, ел дамуының ке-пілді де кешенді стратегиясы екенін ерекше атап өтті. Мәсли-хат депутаттарының рөліне тоқ-талған ол олардың халықтың өзекті мәселелерін шешудегі басым міндеттерін атап өтіп, өңірдегі он өзгерістерінің баста-машысы болу маңыздылығын атап өтті.

Облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Айнагул Балташева Жол картасының орындалу барысы, партиялық жобалар, өтініш-тілектердің орындалуы, партия жанындағы қоғамдық қабылдаулар мен кеңестердің жұмысына тоқтал-са, Көкшетау қалалық мәслиха-тының төрағасы Дастан Әкімов қалалық мәслихат депутаттары-ның сайлаушылармен жұмыс істеудегі он тәжірибесімен бөлісті.

Жалпы, Жол картасының іске асырылуын талдау бары-сында 117 іс-шараның 53%-ы орындалған, ал 62-сі немесе 47%-ы орындалу сатысында. Партия депутаттары есептік ке-зеңде 598 жеке қабылдау өткізіп, 1 179 азаматтарды қабылдаған. Биылғы наурыз айында сайлау науқаны кезінде сайлаушылар-дан 245 өтінім жиналып, оның 202-сі (82%) орындалған, 43-і (18%) орындалу үстінде. Қазақ-стандықтардың саяси мәдениет-тің арттырудың келесі маңызды

қадамы — әкімдерді тікелей сай-лау болды. 2021 жылдың шілде айынан бастап 201 ауылдық округте әкімдер сайлауы өтіп, оның ішінде 193 кандидат «AMANAT» партиясының мү-шесі немесе 96%-ы жеңіп шық-ты. Сайлау жүйесін дамыту 5 аудан әкімінің алғашқы тікелей сайлауымен жалғасты. Жаксы және Шортанды аудандарында «AMANAT» партиясының кан-дидаттары абсолютті жеңіске жетті.

Форумда облыстық Эконо-мика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Ал-мағұл Шұғырмакова облыстағы тұрғындардың әл-ауқатын арт-тыруға бағытталған іс-шаралар-ды баяндады. Мәселен, биыл облыста жаңа өнеркәсіп нысан-дары іске қосылды. Олар — 455 жаңа жұмыс орнын ашқан «Макинск құс фабрикасы», 5 сүт және 46 ет фермасы. Мемле-кеттің қолдауының арқасында іскерлік белсенділік артып, жас-тардың кәсіпкерлікпен айналы-суына жағдай жасалуда. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша облыста 1,1 миллиард теңгеге қол-жалған ол олардың халықтың өзекті мәселелерін шешудегі басым міндеттерін атап өтіп, өңірдегі он өзгерістерінің баста-машысы болу маңыздылығын атап өтті.

Облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Айнагул Балташева Жол картасының орындалу барысы, партиялық жобалар, өтініш-тілектердің орындалуы, партия жанындағы қоғамдық қабылдаулар мен кеңестердің жұмысына тоқтал-са, Көкшетау қалалық мәслиха-тының төрағасы Дастан Әкімов қалалық мәслихат депутаттары-ның сайлаушылармен жұмыс істеудегі он тәжірибесімен бөлісті.

Жалпы, Жол картасының іске асырылуын талдау бары-сында 117 іс-шараның 53%-ы орындалған, ал 62-сі немесе 47%-ы орындалу сатысында. Партия депутаттары есептік ке-зеңде 598 жеке қабылдау өткізіп, 1 179 азаматтарды қабылдаған. Биылғы наурыз айында сайлау науқаны кезінде сайлаушылар-дан 245 өтінім жиналып, оның 202-сі (82%) орындалған, 43-і (18%) орындалу үстінде. Қазақ-стандықтардың саяси мәдениет-тің арттырудың келесі маңызды

ШҚО-да БІРЕГЕЙ КІТАП ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

«Кітап-AMANAT» жобасы аясында Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өске-мен қаласында алғаш рет кі-тап орталығы ашылды. Орта-лықты ашудағы басты мақсат — отандық әдебиетті қолдай отырып, тұрғындардың жалпы кітап оқуға деген қызығушы-лығын арттырып, қазақстан-дық авторлар мен кітап шы-ғарушыларға қолдау көрсету.

Орталықтың салтанатты ашы-луына «Кітап-AMANAT» жоба-сының жанындағы ақын, мәдениет қайраткері, «Көк Тудың жел-бірегені» өлеңінің авторы Алмас Ахметбекулы, өңіріміздің қоғам қайраткерлері, жазушылары, зиялы қауым өкілдері, танымал зангер мамандар мен құқықтанушылар қатысты. Сөз басында «AMANAT» партиясы ШҚО филиалының төрағасы Сайрангул Жұмаділова Мемлекет басшысы ұлттық мүддеге сай келетін кітаптар шығару,

кітапханалар ашу ісіне ерекше мән беретінін атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда кітап өндірісіне, кітап насихатына назар аударуды тап-сырып, 24 сағат ашық тұратын кі-тапхана құруды атап өткен болатын. Осы орайда Президент тапсырма-сын орындауға, бірден-бір қолдау көрсетіп, алға қойған мақсаттарға жетуге кепілдік беретін ең үлкен саяси ұйым — «AMANAT» партиясы «Кітап-AMANAT» жобасын қолға алып, өңірлерден кітап орталық-тарын ашуда. Бүгін осындай орталық біздің өңірімізде ашылып отыр», — деді ол.

Орталық барлық азамат үшін қолжетімді, кез келген қала тұрғы-нына кітап оқуға мүмкіндік бар. Алдағы уақытта аймақтық зиялы қауым өкілдерімен осы орталықта кездесу шараларын өткізу жоспар-лануда.

«Мұндай кітап орталығы бұрын-соңды өңірлерде болған



жоқ. Партияның руханиятқа көңіл бөліп, оқырмандарға барынша жағдай жасауы қуантарлық дүние. Орталықта қазіргі танымал автор-лардың да, бұрынғы классик жазушылардың да еңбегі бар. Дәстүрлі кітапхана — ол бөлек, ал мынандай заманауи орталық мүлде басқа», — дейді «Кітап-AMANAT» жобасының жана-

шыры, ақын, мәдениет қайраткері Алмас Ахметбекулы.

«Кітап-AMANAT» жобасы — «Ауыл аманаты», «Жер аманаты» сияқты партия қолға алған аса маңызды ұлттық жобалардың бірі. «Ауыл аманаты» мен «Жер амана-ты» экономикалық салаға бағыт-талса, «Кітап-AMANAT» халықтың рухани қуатын жетілдіруді көздейді.

КӨЛІГІН ДҰРЫС ҚОЙМАҒАНДАРДЫ ҚАНДАЙ ШАРА КҮТЕДІ?

Күнделікті өмірде көшедегі автокөліктерді белгіленген тұ-рақтарда емес, тротуарларда, жол жиегінде, тіпті ойын алаң-дарында көруге болады. Жүр-гізушілер бұл қылығымен басқа жүргізушілерге ғана емес, сондай-ақ жаяу жүргін-шілерге де қолайсыздық ту-дырып жатады.

Рұқсат етілмеген жерлерде кө-лікті қалдыру арқылы олар өрт сөн-діру, жедел жәрдем мен құтқару-шылар қызметтеріне де кедергі кел-тіреді. «AMANAT» партиясы мұрын-дық болған «Қауіпсіз қоғам» акциясы аясында «Жастар Рухы» жастар қанаты көліктерді дұрыс қоймау жағ-дайларының алдын алу және жүр-гізушілерге профилактика ретінде жергілікті Полиция департамен-терімен бірлесіп ақпараттық жады-намалар мен буклеттер таратуда.

Шымкент қаласы патрульдік полиция инспекторы Диас Лесбек-

тің айтуынша, егер аулада немесе рұқсат етілмеген жерлерде көлік байқалса, онда полицияға немесе жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне хабарлау шалу керек. Сол орыннан көлікті суретке неме-се бейнеге түсіру де артық болмай-ды.

«Айыппұлдар мен жазаларға қарамастан, қазақстандықтар жол қозғалысы ережелерін бұзуды жалғастыруда. Тұрғындар автокөлік тұрағына көліктерін дұрыс еме-с орналастырғанын көптеп кездес-тіріп жатамыз. Мұндай жағдай болса, полиция қызметкерлері тиісті ескерту айтады. Ал бүгін «Жастар Рухы» белсенділерімен бірге құқық бұзушылықтарды анықтап, түсіндірме жұмысын жүр-гізудеміз. Азаматтарға көлікті тұ-раққа дұрыс қою, жол ережесі қауіпсіздігін сақтау сынды ереже-лерді айтып, арнайы жадынамалар-ды тараттық», — деді ол. Жады-намаларды тарату әдетте жүргізу-

шілер көлігін тастап, тұрақ ереже-лерін бұзатын жерлерде өтті. Сон-дай-ақ мүгедектер арбасы мен балалары бар ата-аналар мен карт адамдар өте алмайтындай етіп тро-туарды өз көлігімен жауып тастай-тындарға да назар аударылды.

Атаулы іс-шара Астана, Алматы және Шымкент қалаларында бас-тау алып, еліміздің басқа да өңірле-рінде жалғасын табады. «Іс-шара-ның мақсаты — азаматтарды қоз-ғалыс еркіндігіне құрметпен қарау-мен қатар, көлігін дұрыс орындарға тұраққа қоюдың қаншалықты маңызды екені туралы хабардар ету», — дейді ұйымдастырушылар. Астана қаласының тұрғыны Гүл-ниса Бактыбайқызы көлік жүргізу-шілерінен ауланы тұраққа айнал-дырмауын сұрайды.

«Біздің тұрғын үй кешенінде күнделікті көретін көріністердің бірі — көліктердің көрінген жерде тұрақтауы. Бұл, ең біріншіден, балалардың қауіпсіздігіне қауіп

Қазақстанда қуатты драйвер пайда болды. Өкінішке қарай, бұл – жақсы жаңалық емес. Сауда министрлігінің Сауда комитетінің мәліметінше, қарашада «әлеуметтік азық-түлік қымбатшылығының негізгі драйвері – жұмыртқа» болды. Мысалы, жұмыртқа бағасы Алматыда бір аптада ғана 3,7%-ға өскен. Өзге өңірлерде де жағдай мез емес. Бұл салада алаңдатарлық ахуал қалыптасты. Жұмыртқа өндірісі құлдырауда. Былтырдан бері 12 құс фабрикасы жабылып қалды. Халық арасында ең танымал өнімге қатысты жағдай неге ушықты?



ЖҰМЫРТҚАНЫҢ АТЫ ЖҰМЫР, БАҒАСЫ ӨТКІР

Айхан ШӨРІП

207 ЕСЕ ҚЫМБАТТАҒАН ТАҒАМ

Жұмыртқа бағасы жылда көтеріледі. Мысалы, 1993 жылы жұмыртқаның он данасы 3 теңге 38 тиын тұрыпты. Бүгінде ондығының бағасы бірқатар өңірде 700 теңгеден асып кетті. Яғни, тәуелсіздік жылдарында бұл бұқаралық басты бір тағам 207 еседен артық қымбаттапты.

Бағанын басқа шауып, төске өрлеуі тоқтаусыз жалғасып жатыр. Бүкіл Министрлер кабинеті жаз бойы жұмыртқамен жабыла күресіп, онбай жеңілді. Ақыры Үкімет біраз жылдан бері ұмыт болған шетін шараға оралып отыр. Әкімшілік ресурс іске қосылды. Атап айтқанда, Сауда және интеграция министрлігі сала кәсіпкерлерінің басын біріктіретін бірлестіктермен меморандумға қол қойды. Олар қыста бағаны барынша «қатыруға» уағдаласты.

«Сауда және интеграция министрлігі жыл соңына дейін С1 санатындағы жұмыртқаның бағасын тұрақтандыру бойынша Қазақстан құс өсірушілер одағымен және Қазақстанның жұмыртқа өндірушілер қауымдастығымен ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Бұл келісім маусымдық қымбаттау кезеңінде жұмыртқаның бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Меморандум аясында одақ пен қауымдастық отандық құс фабрикаларымен бірлесіп, І-санаттағы жұмыртқаны қолжетімді ету, осы әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарына (ӘМАТ) мереке қарсаңында бағанын күрт және негізсіз өсуін болдырмау жұмыстарын ұйымдастырады», — деп мәлімдеді ведомство.

Өз кезегінде Үкіметтің бизнеске қандай жеңілдіктерін, жылы-жұмсағын ұсынғаны белгісіз. Тараптар ол туралы айтады. Тек министрлік сала кәсіпорындарының бұл уәдесін қаншалықты сақтап отырғанын анықтау үшін күнделікті баға мониторингін жүргізетінін ескертті.

Құс фабрикаларының өкілдері болса, мемлекеттен жұмыртқа өндірісі үшін субсидия алмайтынын айтады.

Бұл сектордың құлдырағанын Ұлттық статистика бюросы растады. Мысалы, 2023 жылғы 10 айда мал шаруашылығы салаларына тартылған инвестициялардың жалпы сомасы 144,2 миллиард теңгеге жетті. Бұл — өзінің рекорд. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі былтырғыдан бірден 15,9%-ға артты. Ет, сүт, тіпті далаға, коқысқа тасталады делінетін тері өндірісіне құйылған қаржы ауқымы артты. Қиналғаны, кері кеткені — жұмыртқа өндірісі ғана.

Нәтижесінде, биыл шығарылған жұмыртқа саны 1,7%-ға кеміді: 2022 жылғы он айда 4 млрд 222,7 миллион жұмыртқа өндірілсе, биылғы ұқсас кезеңде бұл көрсеткіш небәрі 4 млрд 148,8 млн дананы құрады.

Бағаны түсіру үшін Үкімет делдалдармен күреске кірісті. Мысалы, құс өсірушілер мен тұтынушылар арасындағы делдалдардың санын барынша азайту және сол арқылы өнімнің бағасын тұрақтандыру үшін билік тауық жұмыртқаларын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) арқылы сауда желілеріне өткізудің жаңа схемасын іске қосты.

Мұның машақаттары бар болғандықтан, бірқатар фабрика өзі келіп алып кететін көтерме саудагерлермен әріптестігінен айнымады. Содан Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің өзі өңірлерді аралап, ауыл кәсіпкерлерін аталған схемаға қатысуға үндеді.

«Делдалдарды жолатпау керек. ӘКК және сауда желілері арқылы тікелей жұмыс істеген дұрыс. Жаңа схема бойынша жұмыс істесеңіздер, жағдайларыңыз жақсы болады», — деді вице-премьер Серік Жұманғарин Қостанай облысындағы «Жас-Қанат 2006» ЖШС құс фабрикасына ат басын бұрғанда. Айтпақшы, осы жылдың 10 айында 156,2 млн дана жұмыртқа шығарған бұл фабриканың өнімі отандық нарықта ғана сұранысқа ие емес, оны Ресей, Қырғызстан, Ауғанстан елдерінің импорттаушылары да таласа-тармаса алып кетіп жатыр.

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРАТЫН ФАКТОР БАР

Құс фабрикаларының айналым капиталының жетіспеушілігі проблемасын шешу үшін Үкімет «ӘКК-тер өндірушілерден тікелей сатып алуға міндетті» 9 тауарға енді жұмыртқаны да қосу туралы шешім қабылдады. Корпорациялар оны сауда желілеріне, базарларға төмендетілген бағамен ұсынуы тиіс.

Құс өсірушілер мемлекеттің талабына бағынып, жанажылдық мерекелерде өнім бағасын өсірмеуге тырысатынын жеткізді. Бірақ бұл оларға онайға түспеуі мүмкін.

Себебі іргедегі Ресейде де жұмыртқаның бағасы ұшынып тұр: 10 данасын 120 рубльден (шамамен 600 теңге) сата бастаған. Құс шаруашылығы жақсы дамыған солтүстік көршіде мұндай баға бұрын-соңды болмапты. Соғыс пен санкция бұқарасының тұрмысын құлдыратып, елді осы өнімге тәуелді етті. РФ үкіметі экспорты шектеп, керісінше импорттаушыларының жұмыртқаны Қазақстаннан тасуын ынталандырып жатыр.

«Ресейде шынында да жұмыртқа мен құс етінің бағасы өсіп барады. Оған Қытай тарапынан сұраныстың күрт өсуі де ықпал етті. Бұл Қазақстанда бағалардың ары қарай жоғарылауына серпін бере ме? Өз пікірімді айтсам, баға өсімі болмайды», — деп тұспалдады Aitas Agro коммерциялық директоры Қуаныш Жакыпов.

Оның дәйектеуінше, құстардың жемазығы биыл мол әрі арзан. Өйткені Қазақстанда биылғы құз жауын-шашынды болды да, егіннің үлкен бөлігі қызып кетті немесе сапасы құлдырады. Астықшылар онысын амалсыз құс фабрикаларына төмен бағаға өткізуге мәжбүр. Егер бұрын құс өсірушілер «ен құрыса, бір шөкімін бер» деп дикандарды жағалап, алақан жайып жүрсе, биыл егіншілердің өздері құс фабрикаларына қожайындарының соңынан зыр жүгіріп жүр. Яғни, шертіп жүріп тандай алады.



Ал жемазық — құс фабрикалары шығындарының негізгі бөлігі болып есептеледі: оның қымбаттығы және тапшылығы бірқатар құс өсіруші кәсіпорынның жұмысын тоқтатуына соқтырды. Сорақы жағдайлар да болды: 2015 жылы Қарағанды облысындағы Маркс атындағы құс фабрикасы жемсіз босқа қырылмауы үшін 150 мың арық тауығын тегін таратты. Мұны естіп, шұбырған жұрт жануарларды жеңіл көліктерінің багажнигіне тығыздап толтырып әкеткен. Бірақ тауықтар жолай бірін-бірі тапап, тұншығып өлген. Салдарынан трасса бойы көрсекызар адамдар тастап кеткен үй құстарының өлекселеріне толды.

Былтыр бірнеше облыстағы құс фабрикалары да шығынды азайту үшін жұмыртқалаушы тауықтарының үлкен бір бөлігін сойып тастады. Бұл жұмыртқа өндірісінің төмендеуіне әкеліп соқтырды.

Қуаныш Жакыповтың сендіруінше, биыл саладағы ахуал басқаша: Қазақстан төмен сапалы бидайының орасан көлемін экспортқа шығара алмайды, тиісінше, соның бәрі үлкен жеңілдікпен мал және құс шаруашылығына бағытталуда. Тек ол бидайдың сапасын одан ары бақылауда ұстау қажет. Әйтпесе, жауын астында қалып, ылғалды көп сіңірген және элеваторлардың шектен тыс жүктелуі кесірінен жете келтірілмеген астық жаппай көктеп, өніп кетуі мүмкін. Онда оны мал да жемейді. Онда құс шаруашылығы қайтадан жемазық жетіспеушілігі проблемасына жолығуы кәдік.

Сарапшының түсіндіруінше, құс та тамақ тандайды. Құс өсірушілер арзан екен деп кез келген бидайды сатып ала алмайды. Бірінші орында биоқауіпсіздік тұруы тиіс. Сондықтан жеткізушілер ұсынатын жемазық алдымен зертханада микробиологияға тексеріледі.

Жемазық арзандаған, көлемі күрт молайған екен. Үкімет те қарап отырмай, бағаны құрықтап, өндірушілерді соған көндіріпті. Ендеше бұқаралық өнімнің қымбаттауына қатысты қауіп сейілді ме?

Мамандар бас шайқайды. Өйткені соңғы жылдары құс шаруашылықтарының қаржылық, экономикалық, өндірістік, инфрақұрылымдық жағдайы нашарлады. Кейінгі екі жылда Түркістан, Жамбыл, Ақтөбе, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарында, Шымкентте құс тұмауы өршіп, бірнеше миллион тауық қырылып қалды. Бұған Ауыл шаруашылығы министрлігінің вакцинаны тым кеш сатып алуы да себепші болды.

Дәл қазір жемазық бағасы барынша арзандағанда құс фабрикалары қорларын молайтып алғаны жөн еді. Алайда сарапшылардың айтуынша, нарық қатысушыларының көбінің төлем қабілеттілігі төмен болғандықтан, яғни қаражат тапшылығы бұл мүмкіндікті толыққанды пайдаланып қалуға кедергі келтіреді.

Құс өсірушілер банктерден кредит те ала алмайды: несие сыйақысы шарықтап кетті. Өйткені Ұлттық банк базалық ставканы 15,75% көлемінде ұстап тұр. Бұл — әлемдегі ең жоғары ставкалардың бірі. Салдарынан банктер одан арзан мөлшер-лемемен несие бере алмайды.

Нәтижесінде, мамандардың мәліметінше, құс фабрикаларында екі айға жететін жемазық қоры ғана бар. Одан кейін де болатыны белгісіз. Саланың болашағы да бұлыңғыр.

ТОМСКИЙ КЕЛДІ, ТОҚ БОЛАМЫЗ БА?

InDrive қызметінің негізін қалаушы әрі бас директоры Арсен Томский Қазақстанға қоныс аударды. Ресейлік бизнесменнің біздің елге келгенін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин хабарлады.



«Соңғы жылдары Қазақстан әлемнің түкпір-түкпірінен келген талантты кәсіпкерлер үшін тартымды мекенге айналды. Сондай жарқын мысалдардың бірі — бүгін Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанын ресми түрде жариялаған InDrive негізін қалаушы және бас директоры Арсен Томский. Арсен өзі ғана келіп қоймай, біздің елге талантты мамандар тартып, жаңа технологиялар мен идеялар алып келді», — деп жазды министр Facebook-тегі парақшасында.

Ресейлік кәсіпкер біздің елге бизнесін ғана көшіріп қойған жоқ, азаматтық алып, қызыл паспортты көк паспортқа айырбастады. Себебі Қазақстанда қос азаматтықпен жүру заңға қайшы. Telegram-арнасында өз жайынан хабар берген ол: «Қазақстан Үкіметінің шақыруымен мен осы елдің азаматтығын қабылдадым. InDrive әлемдік компанияға айналды, өзінің стратегиялық мақсаты, мүддесі бар. Сондықтан оның құрылтайшысы әрі бас акционері еркіндікке болуы қалыпты құбылыс», — деп жазды ол.

Оған қоса, кәсіпкер жазбасында өзі туып-өскен республикасының дамуына қызмет ете беретінін атап көрсеткен. «Дегенмен Якутия — менің Отаным, ал мен саха болып қаламын, мен республиканың өмірін жақсарту үшін аянбаймын. InDrive неғұрлым табысты болса, соғұрлым Якутияға көп пайдам тиеді», — деп жазды ол.

Арсен Томскийдің есімі технология саласы арқылы әлемге танылды. Әуелгіде Якутияда Ұлттық ақпараттық порталын ашқан азамат біртіндеп бизнесін кеңейтуге күш салады. Ол негізін қалаған InDriver (2022 жылы ребрендинг жасап, inDrive деген атауды алды) мобильді қосымшасының көмегі арқылы жолдаушы мен такси жүргізушісі бір-бірін онай таба алады. Заманауи технологияның тиімділігінің арқасында автокөліктің айтқан жерге келуі небәрі 3-5 минуттың айналасында, қызмет көрсету құны да нарықтағы бағадан төменірек.

«Жол жүру құнын жолдаушы белгілеуі тиіс» деген идея кәсіпкердің ойына 2012 жылдың қысында келіпті. Сол жылы Якутияда ауа температурасы 45°C-қа дейін төмендеп, таксист атаулы келісіп алғандай бағасын екі есеге көтеріп жібереді. Сақылдаған сары аязбен бірге жалаңдап шыққан такси қызметіне қарсы тұрған тұрғындар РФ-дағы танымал әлеуметтік желі «ВКонтакте»-де бір-біріне үндеу тастап, қымбат көлікке мінбеуге шақырады. Осы кезде Томский «Тәуелсіз жүргізушілер қауымдастығы» деген (ағылш. Independent Drivers) мобильді қосымшаны әзірлеп, іске қосады.

Ресейде аудиторияны қамту жөнінен №1 ресурсқа айналған компания бүгінде халықаралық деңгейге шыққан. InDrive 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап АҚШ нарығына кірді, сол сәтте Эквадор мен Бразилияда

бірдей қызмет көрсете бастады. 2019 жылы шілде айында Үндістанда, тамызда Индонезияда, Никарагуа мен Таиланда жұмысқа кірісті. Коронавирус кезіндегі карантинге қарамастан, 2020 жылы InDrive қызметін әлемде 50 млн қолданушы пайдаланыпты. Bloomberg агенттігінің жазуынша, 2021 жылы InDrive компаниясы нарықта «жалғыз шауып», 150 млн доллар жинап, компания құны 1,23 млрд долларға бағаланыпты. InDrive табысының 60%-ға жуығы Латын Америкасы елдері мен Египет, Қазақстан сынды мемлекеттерде қалыптасқан.

2022 жылы ақпан айында Ресей билігі Украинаға қарсы «арнайы әскери операциясын» бастағаннан кейін компания қызметкерлерін Қазақстанға көшіре бастаған. Қазір Алматы мен Астанада компанияның 1 000-нан астам қызметкері жұмыс істейді.

Telegram-да министр Бағдат Мусинге InDrive компаниясын қолдағаны үшін алғыс айтқан кәсіпкер 2018 жылдан бері шетелдерде жұмыс істеп жатқанын жазыпты. «Компанияның Қазақстанға қоныс аударуы аяқасты туған шешім емес. Себебі Қазақстан InDrive қызметінің халықаралық дамуына жол ашқан бірден-бір ел болды. 2014 жылы осы елге алғаш рет келгеннен бастап тұрғындарының оптимизмі мен энергиясына, талантына тәнті болып қалдым», — деп жазды ол.

Томский Ресейден келіп, Қазақстан азаматтығын алған бірінші бизнесмен емес. Былтыр шілде айында Freedom Finance инвестициялық компаниясының негізін қалаушы Тимур Турлов та біздің көк паспортты қабылдаған.

Forbes Kazakhstan нұсқасы бойынша Қазақстанның ең бай бизнесмендер рейтингінде 7-тұрған Тимур Турлов 9 шілде күні Instagram-ға қазақстандық көк паспортты ұстап түскен суретін салды. «Қазақстан маған шабыт берді, көптеген дос сыйлады. Қазақстанда маған ұнайтын өзгерістер болып жатыр, цифрлық трансформация ең жылдам жүріп жатыр, бұл бізге холдинг командасымен әлемдегі финтектегі ең озық өнімдерді жасауға мүмкіндік береді. Мен Қазақстан азаматы болғанымма мақтанамын», — деген жазба қалдырды.

РИА Новости агенттігі 2023 жылы тамызда ресейлік капиталмен Қазақстанда жұмыс істеп жатқан компаниялар бір жыл ішінде 70%-ға артты деп мәлімдеген болатын. Агенттікке сұмбат берген Қазақстандағы Ресей сауда өкілі Антон Логинов Қазақстанда 18 мыңдай шағын және орта кәсіпкерлік компаниясы тіркелгенін айтқан.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2023 жылғы қаңтар-маусым аралығында 6 800 ресейлік азамат Қазақстанда тұруға рұқсат алған.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРАТЫНДАР ҚАТАРЫ 300 МЫҢҒА КӨБЕЙМЕК

Қаржылық сауаттылық, қаржылық білім берудің үздіксіз процесі арқылы іске асырылады. Ол халықтың хабардар болуын, қаржылық білімі мен дағдысын, жеке немесе отбасылық бюджетті басқару бойынша дұрыс әрі сараланған шешімдер қабылдауға көмектесетін әрекет ету модельдерін жақсартуға бағытталған.

Назгүл НАЗАРБЕК

Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың элементі ретінде, қаржылық сауаттылық азаматтардың әл-ауқатының және тұрмыс сапасының жақсаруына әкеледі, тұтынушыларға арналған ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтеді, сондай-ақ халықты қаржылық көрсетілетін қызметтермен барынша қамтуды және олардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Халықтың қаржылық сауаттылығы деңгейінің жоғары болуы азаматтардың тұрмыс деңгейін жоғарылатуға, жеке инвесторлар қаражатының ел экономикасына құйылуына, қаржы нарықтарында бәсекелестіктің дамуына, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Сондықтан халықтың қаржылық сауаттылығы өте маңызды. Өкінішке қарай, халықтың көп бөлігі әлі күнге дейін қаржылық сауаттылығы төмен екенін жасыра алмаймыз. Оның салдары көптеп байқалуда. Тұрғындар кірістері мен шығыстарын есептей алуы керек. Қаржылық сауаттылық деңгейінің төмендігі біздің елде ғана емес көптеген мемлекетте де бар. Оның салдары халықтың борыш жүктемесінің ықтимал өсуі, экономикалық өсу қарқынының төмендеуі және халықтың тұтас қаржы жүйесіне деген сенімінің төмендеуіне алып келеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ БІР ТАРМАҒЫ – САЛЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Осынау мәселе мемлекеттік деңгейде көтеріліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қаржылық сауаттылықты

арттырудың 2020–2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы жарияланған.

Онда қаржылық сауаттылықты арттыру саласында үздік нәтижелерге қол жеткізу аясында бірқатар бөлім қарастырылған. Біз соның бірі салықтық сауаттылыққа тоқталсақ. Аталған бөлімде, «Халықта мемлекетке және қоғамға салық төлеудің маңыздылығын түсінуді және өздерінің салық төлеу құқықтары мен міндеттерін білуін қалыптастыру, салық жүйесі мен салық органдарына деген сенімді арттыру, бұл жиынтығында азаматтардың салықтық мәдениетін білдіреді», – делінген.

Ал салық – кез келген өркениетті мемлекеттің кіріс көзі. Әлемдік тәжірибие көрсетіп отырғандай салық пен несие қаржы жағынан реттеуді ұштастырып, нарықтық экономиканы басқарудың анағұрлым тиімді түрі болып саналады.

Елімізде заман ағымына орай салық төлеудің тәртібі, түрі өзгеріп тұрады. Мәселен, 2021 жылдың 1 қаңтардан бастап Қазақстанда төрт кезеннен тұратын жалпыға бірдей декларациялау енгізілгені баршамызға белгілі. Яғни, бұл жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларациялар.

ҚМ Түркістан облысы бойынша, Мемлекеттік кірістер департаменті Өндірістік емес төлемдер басқарма басшысы Мейрамбек Көкенов жергілікті халық білуге тиіс декларациялаудың кезеңдері және оның өнірдегі орындалуы барысы туралы толығырақ айтып берді.

Мейрамбек Байқадамұлының айтуынша, 2021 жылғы 1 қаңтардан басталған Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңіне декларациялауға жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары, мем-

лекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және оларға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сактандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарына сәйкес декларация тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар қатарына жатады.



ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДАН ЕШКІМ ҚАЛЫС ҚАЛМАЙДЫ

Ал биыл жыл басында басталған екінші кезеңде аталған декларациялауға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары қосылды. Енді келер жылы, яғни 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылатын үшінші кезеңде декларациялауға



жататын тұлғалардың қатарына заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары және жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары кіреді.

Сондай-ақ төртінші кезең де, яғни 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап декларациялауға 18 жасқа (кәмелет жасына) толған және халықтың қалған санаттары енеді

«Жалпыға бірдей декларациялаудың басты мақсаты әлеуметтік саясатты жетілдіру, көленкелі экономиканы қысқартуды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз ету. Жалпыға бірдей декларациялауға кіру кезінде жеке тұлғалар декларацияның өзінен және оған алты қосымшадан тұратын жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны («кіру» декларациясын, 250.00–нысан) ұсынуы қажет. Содан кейін «кіріс» декларациясын тапсырғаннан кейін, келесі жылдан бастап жыл сайын кірістер мен мүлік туралы Декларацияны (270.00 – нысан) ұсыну бойынша міндеттеме пайда болады», – деп түсіндірді Мейрамбек Көкенов.

Басқарма басшысының айтуынша, Кірістер мен мүлік туралы декларацияда есепті күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, салық шегерімдері, мүлікті сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы мәліметтер, Қазақстан аумағынан тыс орналасқан шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақша сондай-ақ елден тыс жерлердегі мүлік көрсетіледі.

Кірістер мен мүлік туралы декларацияны «салық төлеушінің кабинеті» (kgd.gov.kz), E-Salyq Azamat мобильдік қосымшасы, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер органдарына келу тәртібімен қағаз жеткізгіште не ХҚКО-ға жіберіледі немесе пошта арқылы жіберіледі. 250.00–нысан және 270.00 – нысандағы декларацияны қағаз тасығышта тапсыру мерзімі – әр жылдың 15 шілдеден кешіктірмей, электрондық түрде – 15 қыркүйектен кешіктірмей жолдау керек.

«Келесі жылдан бастап декларациялаудың үшінші кезеңі басталады. Активтер мен міндеттемелер туралы кіріс декларациясын заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары; жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары ұсынады – деп қосты Мейрамбек Көкенов.

БИЫЛ ОБЛЫСТА 268 МЫҢНАН АСА АДАМ ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРДЫ

2021 жылы кезеңінде Түркістан облысында 18 мыңнан астам жеке тұлға, яғни мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары декларация тапсырған.

Ал екінші кезең 2023 жылы басталып, және жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне квазимемлекеттік сектор, мәдениет қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, спортшылар және олардың жұбайлары кірді. Түркістан облысы бойынша декларацияны 268 мыңнан астам тұлға тапсырды.

Жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңінде, яғни 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, декларацияны ұсыну бойынша міндеттемелер бизнес өкілдері мен олардың жұбайларында, заңды тұлғалардың басшыларында, құрылтайшыларында (қатысушыларында), жеке кәсіпкерлерде туындайды. «Бұл ретте, бұл міндет «әрекетсіз» мәртебесі бар жеке кәсіпкерлерге және ЖШС басшыларына (құрылтайшыларына) да қатысты болады. Яғни, қолданыстағы немесе әрекетсіздігіне қарамастан, 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті базасында тіркелген барлық ЖК және заңды тұлға декларациялануға жатады». Осылайша, Түркістан облысында 3-ші кезеңде декларацияланатын тұлғалар саны 300 мың болмақ.

Сонғы 4 кезең, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап, жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне толық кіру, яғни кәмелет жасына толған 1 миллион 300 мыңға жуық Түркістан облысы тұрғыны табыс етілуі күтілуде.

Түркістан облысы.

ТҰЛПАР ҰРЛАП ТҰТЫЛДЫ

Мал ұрлығы – қазақ халқы үшін ежелден лайықты жазалануы тиіс ауыр қылмыс түрі. Иә, бұрынғының барымтасы басқа болса, бүгінгінің ұрлығы мүлде бөлек.

Күзде бір жырғайтын ұрылар қыста тағы да жорыққа шығады. Яғни, қазір – соғым уақыты. Қызылсыраған қала тұрғындары базарды аралағанда көбіне ет жағалайды. Дастарқаннан да үзілмейтін осы ас – қыстың қоңы.

Алайда елдің бәрі жеп отырған етінің қандай жолмен келгенін біле бермейді. Біле бермейді емес, білмейді де. Өйткені ешкім саған базарда «бұл мал Сәрсенбайдікі» деп құжат көрсетпейді, сіз болсаңыз «мал қайдан?» деп те сұрамайсыз.

Биыл да қайтарғыдай Қарағанды облысында күз бен қыс мезгілдеріне орай құзыретті орындар блок бекеттер қойды. Былтыр 18 блок бекет қойса, биыл 17-сін орнатты. Айырмасы бір бекетте болғанымен жұмысы көріне бастады. Өзгенің малына жаудай шапқан, бөтендікін ақша деп тапқандар тұзаққа түсе бастады.

Қыркүйек айында республикалық маңыздағы және облыстық тасжолдардың бойына 17 жылжымалы блок бекет қойылды. Криминалдық полиция мен учаскелік инспекторлар тәулік бойы өткен-кеткен көлікті жаппай тоқтатып, жүк салғышты қарап, құжат тексере бастады. Заң бұзғандар жазаланды.

Алғашқы күндері-ақ қарақшылар қолға түсе бастады. Мысалы, Ақтоғай ауданында 4 адамнан тұратын қылмыстық топ ұсталды. Тергеу барысында олардың 6 бас ірі қараны жымқырғаны дәлелденген.

Ал сол блок бекеттер құрылғанға дейін өнірде мал ұрлығына қатысты 25 дерек тіркеліпті. Соның 10-ы тәртіп сақшыларының қырағылығы арқасында ашылған. Тұрақты түрде мал ұрлығымен айналысып келген 2 бірдей қылмыстық топ ұсталды.

“
Қарағанды облысы Шет аудандық полиция бөліміне 30 жастағы аудан тұрғыны арызданып, белгісіз біреулер халықаралық бәйгеге дайындап жүрген тұлпарын ұрлап кеткені туралы хабарлаған.



— Дәстүрлі күздік және соғым уақыты жақындап келеді. Осы уақыт аралығында мал ұрлығы көп болады. Сондықтан мобильдік топ осы қылмыстардың алдын алу жұмысын істейді. Олардың мақсаты – ет өнімдерін тасымалдайтын көліктерді тексеріп, ет өнімдері құжаттарының талапқа сай болуын қадағалау, – деген болатын блок бекеттің құрылу мақсатын түсіндірген Криминалдық полиция

басқармасының бөлім бастығы Қуат Мақаш.

Бүгінде ауылдағы ағайынның асырап отырған төрт тұлғі – тіршілік көзі, кәсіпкерлері үшін мал – инвестиция, бизнес, табыс пен пайда негізі.

Жақында жаға ұстатар жаңалық тарайды. Бұл жолы ұрылар таза қанды араб тұқымды бәйге атын ұрлап, сойып алған. Қарағанды облысы Шет аудандық

полиция бөліміне 30 жастағы аудан тұрғыны арызданып, белгісіз біреулер халықаралық бәйгеге дайындап жүрген тұлпарын ұрлап кеткені туралы хабарлаған. Жәбірленушіге келтірілген шығын 1 миллион 500 мың теңге.

— Полиция қызметкерлерімен жүргізілген кешенді жедел-іздіксіз іс-шаралары барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 23 және 54 жастағы азаматтар ұсталды. Олардың барлығы Шет ауданындағы блок-бекетте қолға түсті. Күдіктілер ұрланған жылқыны сойып, мүшелеп тастағаны туралы мойындау көрсетпе белгілерін берді. Аталған факт бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-1 бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалды, – деп хабарлады Қарағанды облыстық Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы Аслан Өскембаев.

Сондай-ақ басқарма бастығының айтуынша, жыл басынан бастап, облыс аумағында 644 бас мал ұрланып, оның 547-сі иелеріне қайтарылған. Мал ұрлығының алдын алу мақсатында 13 қыркүйек пен 30 желтоқсан аралығында облыс аумағында «Мал ұрысы» жедел алдын алу іс-шарасы өтуде. Іс-шара аясында өнірдегі автожолдарға 17 жылжымалы бекет қойылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Кез келген салаға құйылған қаражат көлемі оның әлеуетін айқындайды. Түркістан облысындағы ауыл шаруашылығы саласында жыл басынан бері 88,5 млрд теңге инвестиция тартылған. Осыны ескерсек, аймақ агроөнеркәсіп секторы бойынша өзге өңірлерден көш ілгері екенін көреміз. Мәселен, биыл республика бойынша агро өнімдерінің көлемі жағынан «оңтүстік» алға шығып, бюджет донорлары арасында екінші орынға көтерілді. Облыста агросектордың әлеуетін арттыруға басымдық бергенін осы тектес көрсеткіштерден бағамдауға болады. Қазір Түркістан облысындағы жалпы өңірлік өнімнің 30%-ы агроөнеркәсіптік кешенге тиесілі. Сол себепті ауыл шаруашылығы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі драйвері деуге толық негіз бар.



МИЛЛИАРДТАР ИГЕРІЛГЕН САЛА

Кәмила ЕРКІН

Республика бойынша биылғы қаңтар-қазан айларында ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы негізгі капиталға 778,2 млрд теңге инвестиция жасалған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 15,4%-ға артық. Оның ішінде Түркістан облысы Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарынан кейін көшбасшы өңірлердің үштігіне еніп отыр.

Облыс әкімдігінің мәліметтеріне сүйенсек, биыл ауыл шаруашылығы саласында 16,7 млрд теңгеге 25 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Бүгінде оның ішінде құны 14,1 млрд теңге болатын 22 жоба іске асырылды. 2023 жылдың алғашқы тоғыз айында сектордың негізгі капиталына 82,2 млрд теңге инвестиция түскен. Осылайша, саладағы агроөнімдер экспортының көлемі 1 250,3 млн теңгеге жетті.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауында агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпінді жасауымыз керек екенін атап өткен болатын. Сондай-ақ Президент: «Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз. Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты — Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл — нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек», — деп тапсырды.

Осыған дейін Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп беру барысында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды саладағы өзекті мәселелер назарға алынып, оны жүйелі түрде шешу жолдары қарастырылып жатқанын айтқан болатын.

«Біріншіден, жылжыай шаруашылықтарын қолдаудың жаңа тетіктері жасалып, жылыту шығындарын субсидиялау ережесі бекітілді. Биылғы жылға бұл мақсатта 500 млн теңге бөлінді. Екіншіден, мақта шаруашылықтарын дамыту мақсатында Global Textile Solution, TST JETISAY TEXTILE, «Cotton Makta» және Tulpar Textile жобалары жүзеге асырылуда», — деп атап өткен еді өңір басшысы.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы жылының аяқталуына орай Түркістанда өткен «Алтын күз-2023» шарасында агроөнімдердің жалпы көлемі жыл соңына дейін 1 трлн 127,3 млрд теңгеге жететіні мәлім болды. Егін жинау мерекесі қарсаңында барлық қала мен ауданнан фермерлер жиналды. Дәстүр бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі және мемлекеттік бағдарла-

малар бойынша сатып алынған ауыл шаруашылығы техникалары арасында байқау ұйымдастырылды. Шара аясында «Ауыламанаты» бағдарламасының арқасында шаруашылығын кеңейткен немесе жаңадан шағын өндіріс орындарын ашқан кәсіпкерлер өз өнімдерін келушілер назарына ұсынды. Мысалы, Кентау қаласы Карнак ауылының тұрғыны К.Қазыханов, Fish Resort ЖШС басшысы балық шаруашылығын дамытуға 6 млн 800 мың теңге көлемінде жеңілдікті несие алған. Оның айтуынша, алғашқы жартыжылдықта 15 жасанды тоғанда бір тонна форель, сазан және тұқы шабақтары шығарылған. Жергілікті мейрамханалар мен кафелер арасында өсірілген балыққа деген сұраныс жоғары. Кәсіпкер бекіре мен ақ амурды да өсіруге ниетті. Ол өз ісін дамытуға мүмкіндік бергені үшін мемлекетке ризашылық білдіреді және тұрғындарды сапалы өніммен қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуға ниетті.

Түлкібас ауданының тұрғыны Е. Нақыпбеков құс шаруашылығымен айналысу мақсатында мемлекеттен бес миллион теңге жеңілдетілген несие алған. Азамат алдымен өз үйінің жанына қосымша қора салып, сонда Ордабасы құс фабрикасынан алған 750 бройлер тауығын өсіріп отыр. Болашақта инкубаторларға жұмыртқа салу да жоспарында бар. Оның айтуынша, аймақта құс етіне деген сұраныс жоғары, сол себепті дайын өнімді өткізуде қиындықтар болмайды деген сенімде.

Дәстүрлі «Алтын күз» мерекесі барысында өңір басшысы ауыл шаруашылығы саласының өкілдерінің орасан еңбегін атап өтті. Соның арқасында аймақтың агроөнеркәсіп кешені тұрақты дамып келе жатқанын жеткізді.

— Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісінің негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі екі есе өсті. Ауыл шаруашылығы дақылдары орналасқан алаң өткен жылдан бері тоғыз мың гектарға ұлғайды. Биыл 3,3 миллион тонна өнім жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Облыс ет



экспорты бойынша республикада көш бастап тұр. Өңір экспортталатын ірі қара мал етінің 85 пайызын және ұсақ мал етінің 60 пайызын құрайды. Биыл біз жылжыайларды көмірмен қамтамасыз ету мәселесін шештік. «Тұран су» кәсіпорнының жұмысын жүйелендірді, техниканы жаңартты, су объектілерін қалпына келтіру және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыстарды мерзімінде орындады, — делі Д.Сатыбалды.

Сонымен қатар жәрменке барысында ауыл шаруашылығы өнімдері мен инвестициялар тарту бойынша суырылып алға шыққан аудандар марапатталды. Олардың қатарында қаңтар-қарқуейк айларының қорытындысы бойынша 53,4 млрд теңгеге өнім өндірген Қазығұрт ауданының әкімдігі бірінші орынға шықты. Сондай-ақ ауданда агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі капиталына 8,4 млрд теңге және тамақ өнімдерін өндіру саласына 2,3 млрд теңге инвестиция тартылған. Екінші орын Жетісай ауданының, үшінші орын Сайрам ауданының еңбеккерлеріне бұйырды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі жағынан ең үздік көрсеткішке қол жеткізген өңірдің бірі — Сарыағаш ауданы. Биыл жыл басынан бері 111,1 млрд теңгеге жуық өнім өндірген ауданның облыстағы үлесі 10,8 пайызға тең.



Сарыағаш — самсыған ауыл шаруашылығы өнімдерімен танымал. Ішкі нарықты былай қойғанда, өңірде өскен жеміс-жидек, дәнді-дақылдар алыс-жақын шетелдерге тасымалданады. Айта кетсек, биыл сарыағаштықтар атқарылған жұмыстардың нәтижесінде агроөнеркәсіп кешенінде экономикалық өсім қамтамасыз етіліп, жиын-терім маусымын жоғары аяқтады. Өткен жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы негізгі капиталына 8,4 млрд теңге инвестиция тартылып, 134,3 пайызға ұлғайды.

Жақында өткен «Алтын күз» мерекесі қарсаңында Сарыағаш ауданы әкімі Арман Абдуллаев шаруалардың ерен еңбегінің арқасында өңірдің агроөнеркәсіп кешені дамып келе жатқанын атап өтті.

«Күз мезгілі — шаруалар үшін еселей сіңірген еңбектің нәтижесін көріп, табиғаттың сарқылмас сыйының жемісін жинайтын тамаша кезең. Халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы ауыл шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты. Аудан экономикасының негізін ауыл шаруашылығы құрайтынын ескерсек, аграрлы сектордағы жетістіктеріміз аудан еңбеккерлерінің ортақ жемісі деп білемін», — делі аудан басшысы.

Мереке аясында ерте көктемнен қара күзге дейін дала төсінде тер төгіп еңбек еткен жергілікті дикан қауымының өнімдері және аталған салада жүрген кәсіп иелерінің азық-түлік жәрменкесі ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы Жолдауда атап өткендей, ауыл шаруашылығы саласын дамыту, жаңа технологияны пайдалана отырып, өнім көлемін арттыру міндеттері әлі де маңызды. Келес ауданы облыс бойынша «аграрлы аудан» атанған өңір. Бүгінде ауданның құнарлы жерінен өндірілген өнімдер де көрші мемлекеттерге дейін экспортталады. Қазір мұндағы агросекторды ілгерілету мақсатында «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында биыл Қошқарата, Ошақты, Ақтөбе және Біртілек ауылдық округтерінде көптеген жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2024 жылға қарай «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында Келес ауданынан қосымша 5 ауыл мен ауылдық округті жобаға қатыстыру жоспарланған.

Келестік шаруалар жиын-терім маусымын жоғары деңгейде аяқтады. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі биылғы жылдың тоғыз айында 56,6 млрд теңгені құрады. Оның ішінде мал шаруашылығының үлесі 22 240,1 млн теңге болса, өсімдік шаруашылығы бойынша 16 001,3 млн теңгені құрады. Сонымен қатар 80-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасы жаңартылып, ағын су жүйесі тазартылды. Басты мақсат — суармалы жерлердің көлемін арттыру.

Ал Мақтаарал ауданында биыл 61 мың гектар егістік алқапқа түрлі дақыл егілді. Қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысына сай 419,4 мың тонна бақша дақылы, 18 мың тонна көкөніс дақылы, 28,4 мың тонна мал азықтық дақылы, 6,1 мың тонна картоп, 40 тонна күздік бидай, 7,5 мың тонна күріш, 97,1 мың тонна мақта және 11, 5 мың тонна дәндік жүгеріден өнім алынған.

Аудан мал шаруашылығы саласында да айтарлықтай өсім көрсетті. Ет өндіру 4,6 мың тоннаны, сүт өндіру 33 мың тоннаны, жұмыртқа өндіру 5,4 миллион дананы құрап, жылдағыдан үлкен көлемде артып отыр.

Кәсіпкерлік саласында да ауыз толтырып айтарлық жетістіктер аз емес.

Мәселен, өнеркәсіп өнімінің көлемі өткен жылы 7,2 миллиард теңгені құраса, биыл 15,2 миллиард теңгеге жетті. Сол сияқты өңдеу өнеркәсібінің өнім көлемі өткен жылы 5,7 миллиард теңгені құраса, биыл 17 миллиард теңгеге жетті. Негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі де өткен жылы 14,5 миллиард, ал биыл 23,2 миллиард теңгені құрады.

Алдағы уақытта өңірде мақта клас-терін дамытып, оны терен өңдеуге күш салынбақ. Ол үшін Қытайдан, Өзбекстаннан инвесторлар тартылады. Сонымен қатар ағын суды үнемдеу мақсатында тамшылатып суғару технологияларына баса мән беріледі.

Жақында Кентауға жұмыс сапары барысында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды кәсіпкерлермен кездескен еді. Аймақ басшысы биыл іске қосылған құны 8,4 млн теңге болатын жобалармен танысты. Хантағы ауылында орналасқан «Салы Алпамыс» шаруа қожалығы мал бордақылаумен айналысады. Қуаттылығы — 35 бас. Шаруашылықта жергілікті тұрғындар жұмыс істейді. Кәсіпкер жылқыларды жеңілдетілген несие қаражатына сатып алды.

Сонымен қатар өңірдегі «Тәжітдин ата ауыл шаруашылығы» өндірістік кооперативі құс өндірісін қолға алды. Қазірдің өзінде сұраныстың жоғары болуына байланысты аймақта құс және балық шаруашылығы да дамып келеді. Жалпы, Кентауда «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 80-нен астам жоба қаржыландырылды.

«Ауыл шаруашылығы — аймақ тұрғындарының негізгі табыс көзі. Осы себепті мемлекет те секторға үлкен қолдау көрсетіп отыр. Мәселен, «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру үшін облыстың 16 ауданында 64 ауылдық округ анықталып, пилоттық жоба аясында 75 кооператив құрылды. Бүгінде жобаны қаржыландыруға республикалық бюджеттен 19,8 миллиард теңге бөлінді. Соның арқасында ауыл шаруашылығын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі бағыттағы орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға көптеген мүмкіндік қарастырылған, — делі облыс басшысы.

Жобаның негізгі мақсаты — ауылдық елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын құру, шағын кәсіпкерлік объектілерін құру арқылы халықтың табысын арттыру, жұмыссыздықты және атауды әлеуметтік көмек алушылар санын азайту, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қандастыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. «Түркістан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына «Ауыл аманаты» жобасы бойынша құны 21,4 млрд теңге болатын 4 089 жобаны іске асыруға өтінімдер келіп түскен. Оның ішінде уәкілетті орган 3 766 жобаның ішінен жалпы сомасы 18,1 млрд теңгеге 3 026 жоба мақұлдаған. Қазір 13,9 млрд теңгеге 2 350 жоба қаржыландырылды. Барлығы 3 220 жоба қаражатпен қамтылып, 3 400-ге жуық жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Қазығұрт ауданының агроөнеркәсіптері де жоғары деңгейге жетті. Нақтырақ айтсақ, биыл агроөнімдерінің жалпы көлемі 53,4 млрд теңгені құрады. Статистикаға сүйенсек, өңірде биыл 92 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Соның ішінде астық дақылы егілген 43,9 мың гектар жердің әр гектарынан 22,1 центнерден өнім алынып отыр. Жалпы алғанда, 97 мың тонна астық жиналды.

Ал Жетісай ауданда жұмыс істеп тұрған 21 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде бүгінде 25 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылып, 10 айда кәсіпкерлер тарапынан 26,6 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Қаңтар-қазан аралығында негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 19,4 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 7,8 млрд теңгеге артқан. «Алтын күз» мерекесі қарсаңында аудан әкімі Серік Мамытов биыл көршілес Өзбекстан, Қытай елдеріндегі кәсіпорындарымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыратын жобалар бойынша келіссөздер жүргізілгенін атап өтті. Жетісай қаласындағы резервке алынған 12 гектар жерден шағын өндірістік паркін (технопарк) ұйымдастыру үшін Turkistan әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен қаржы бөлу жұмыстары жүргізіліп жатқанына тоқталды. Сондай-ақ аталмыш паркте барлық инфрақұрылыммен қамтылған 15 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, онда 200 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Қорыта айтқанда, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласына ауқымды инвестициялар салу арқылы сектордың әлеуетін арттырмақ. Мемлекеттік қолдаудан тыс негізгі капиталға құйылған қаражаттың да қарымы қоматты. Одан бөлек, облыс экономикасына тартылған инвестиция көлемі 1,4 есеге артып, 751 млрд теңгеден асты. Ал тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 225,3 млн АҚШ долларына жетті. Нәтижесінде, 2023-2026 жылдар аралығында облыс аумағында 16 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.



ЖАСТАР ҚЫЛМЫСЫ ЖІТІ НАЗАРДА

Бүгінде қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Осы орайда кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында Жамбыл облысы Талас ауданында жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылуда. Жуырда ғана аудан прокуроры Жомарт Науатовтың ұйымдастыруымен, аудан әкімінің қатысуымен Талас ауданында құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдарының мекемearалық мәжілісі өтті.

Бүгінде қылмыс жасаған 18 бен 35 жас аралығындағы бірқатар жастардың жұмыссыздар қатарынан болуы алаңдатуда. Кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың профилактикасы бойынша қосымша жоспар құрылып,

барлық құқық қорғау және мемлекеттік органдарға құқықбұзушылықтардың алдын алу, қылмысқа және теріс діни ағымдарға қарсы күресте өзара іс-қимылды ұйымдастыру бағытында жұмысты жандандыру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Аталған бағытта қабылданған прокурорлық шаралармен 83 оқушы 3,1 млн теңгеге кепілдендірілген әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етіліп, қауіпсіздікті сақтау үшін Қаратау қаласындағы 5 718 оқушысы бар мектептерде бейнебақылау жүйесі орнатылды. Мүмкіндіктері шектеулі үйде оқытылатын 13 баланың құқықтары қорғалып, мемлекеттік бюджетке

904 494 теңге қайтарылды. Кәмелетке толмағандардың жаз мезгіліндегі бос уақытын пайдалы өткізу үшін мекемearалық жоспарға сәйкес бұқаралық мәдени іс-шаралар (турнир, фестиваль және т.б.) өткізіліп, әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұған қоса, тұрақты түрде білім беру мекемелерінде мобильдік топ мүшелерімен уәкілетті органдардың мамандарын қатыстырып, балалардың қауіпсіздігіне қатысты әртүрлі тақырыптарда дәрістер мен семинар-тренингтер өткізілуде. Қорыта келгенде балалардың құқығын қорғау – бәрінен қымбат. Кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету – олардың құқығын қорғауден тікелей байланысты. Бұл бағытта аудан әкімінің тікелей тапсырмасымен білім бөлімі тарапынан жүйелі түрде жұмыстар атқарылып



жатыр. Ақиқатында «Ел болам десен – бесігінді түзе» деп дана халқымыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң

бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.

Дедек ТӨЛЕН

<p>«Қорек көзінің элементтері (аккумуляторлары)» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру</p> <p>«Қорек көзінің элементтері (аккумуляторлары)» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.</p> <p>Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Қорек көзінің элементтері (аккумуляторлары)» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны - 17, жалпы сомасы 257 424 380,01 теңге, ҚҚС-сыз).</p> <p>Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.</p> <p>Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.</p> <p>Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.</p> <p>Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).</p> <p>Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 12 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.</p> <p>Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 12 желтоқсанда, сағ. 11:30-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.</p> <p>Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.</p>	<p>Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Элементы питания (аккумуляторы)»</p> <p>ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Элементы питания (аккумуляторы)» - несостоявшимся.</p> <p>В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке товаров «Элементы питания (аккумуляторы)». (Количество лотов – 17, на общую сумму 257 424 380,01 теңге без учета НДС).</p> <p>Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.</p> <p>Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.</p> <p>Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.</p> <p>Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов 12 декабря 2023 года.</p> <p>Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов 12 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.</p> <p>Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.</p>
---	---

<p>Ашық тендер амалымен «ОТА үшін құрғақ газ тығыздауышын (КГТ) сатып алу» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру</p> <p>«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ОТА үшін құрғақ газ тығыздауышын (КГТ) сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 2, жалпы сомасы 651 207 142,84 теңге, ҚҚС-сыз).</p> <p>Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.</p> <p>Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.</p> <p>Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).</p> <p>Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 20 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.</p> <p>Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 20 желтоқсанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.</p> <p>Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.</p>	<p>Объявление о проведении закупки товаров «Приобретение сухого газового уплотнения (СГУ) для ЦБН» способом открытого тендера</p> <p>ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Приобретение сухого газового уплотнения (СГУ) для ЦБН». (Количество лотов – 2, на общую сумму 651 207 142,84 теңге без учета НДС).</p> <p>Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.</p> <p>Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.</p> <p>Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 20 декабря 2023 года.</p> <p>Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 20 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.</p> <p>Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.</p>
---	---

<p>«Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыққа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, қоспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері, туралы хабарландыру</p> <p>«Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыққа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, қоспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.</p> <p>Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-02-04 телефоны арқылы алуға болады.</p>	<p>Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)»</p> <p>ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)» - несостоявшимся.</p> <p>Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.</p>
--	---

<p>Ашық тендер амалымен «Газды тазарту қондырғысына арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру</p> <p>«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Газды тазарту қондырғысына арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 2, жалпы сомасы 72 180 000,00 теңге, ҚҚС-сыз).</p> <p>Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.</p> <p>Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.</p> <p>Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).</p> <p>Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 20 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.</p> <p>Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 20 желтоқсанда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.</p> <p>Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.</p>	<p>Объявление о проведении закупки товаров «Запасные части для установки очистки газа» способом открытого тендера</p> <p>ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для установки очистки газа». (Количество лотов – 2, на общую сумму 72 180 000,00 теңге без учета НДС).</p> <p>Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.</p> <p>Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.</p> <p>Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 20 декабря 2023 года.</p> <p>Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 20 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.</p> <p>Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.</p>
--	--

<p>Қайта ашық тендер амалымен «ТЭГ үшін ҰҚК аккумулятор батареяларын сатып алу» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру</p> <p>«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ТЭГ үшін ҰҚК аккумулятор батареяларын сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны - 1, жалпы сомасы 16 565 564,52 теңге, ҚҚС-сыз).</p> <p>Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.</p> <p>Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.</p> <p>Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.</p> <p>Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).</p> <p>Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 12 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.</p> <p>Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 12 желтоқсанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.</p> <p>Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.</p>	<p>Объявление о проведении закупки товаров «Приобретение аккумуляторных батарей ИБП для ТЭГ» способом повторного открытого тендера</p> <p>ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Приобретение аккумуляторных батарей ИБП для ТЭГ» (Количество лотов – 1, на общую сумму 16 565 564,52 теңге без учета НДС).</p> <p>Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.</p> <p>Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.</p> <p>Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.</p> <p>Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 12 декабря 2023 года.</p> <p>Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 12 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.</p> <p>Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.</p>
--	--

«ӘПКЕНІҢ» АЙТАРЫ БАР



«Әпке» драмасы – белгілі жазушы Дулат Исабековтің қарымды қаламынан туған таңдаулы шығармаларының бірі. Бүгінде аталған драма телехикая ретінде көгілдір экран арқылы көрерменге жол тапса, ұлы өнер – театр әлемінде қойылым күйінде келушілер назарына ұсынылып жүр. Арадан қаншама жылдар сырғып өтсе де шығарма маңызы мен өзектілігін жойған жоқ. Күлдіріп отырып жылататын шығарма осы уақыт аралығында халықтың жоғары бағасын алып үлгерді.

Соның бір дәлелі – «Әпке» драмасының премьерасын тамашалауға келген көрерменнен залда ине шаншар орынның болмауы. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында өткен премьер а жазушының осы бір шығармасына негізделген. Театр ұжымы драманы жаңаша

нұсқада сахналады. Қойылым режиссері таяуда ғана өткен І Республикалық жастар театрлары фестивалінде «Үздік режиссер» марапатына ие болған талант – Мейрам Хабибуллин. Қоғам мен адам санасы өзгерісінің ұлттық құндылықтарға тигізген ықпалы аталған қойылымда көрініс табады. Жастайынан ата-анасынан айы-

рылып, жетім қалған балалардың тағдыры көрермен жүрегіне елжіретпей қоймасы анық.

Премьераны тамашалауға келген қадірлі қонақтардың арасында шығарма авторы Дулат Исабеков те болды. Қойылым аяқталған соң жазушы сахнаға көтеріліп, арнайы сөз алды. Шығарманы жазу тарихын бөлісіп, өткен шақты есіне алды. Режиссер мен актерлік құрамды премьермен құттықтап, шығармашылық жолында сәттілік тіледі. Алайда автордың айтар сыны да жоқ емес. Қойылымдағы басты кейіпкердің көркемдік деңгейі тұрғысынан ескертпелерін жеткізді. Ал кеш аяқталып, шымылдық жабылған соң режиссердің пікірін білу үшін сахна сыртына іздеп бардық. Мейрам Хабибуллин автор тарапынан айтылған сынның орынды екенін айтады. Заманауи нұсқада ұсынылған қойылымда тиісінше бүгінгі қоғам мәселелерін көрсетуге тырысқанын алға тартты.

– Сынды қабылдаймын. Дулат ағамыздың пікірін түсінуге болады. Себебі драмада өзінің басынан өткерген тарихы, әпкесінің өмірі баяндалған. Шығарма осыдан 46 жыл бұрын жазылыпты. Ал қойылымға келер болсақ, қазір аутизмге шалдыққан қаншама балалар бар. Бүгінгі қоғамның мәселелері неде жатыр? Біз елемей жүрген дүниелер қандай? Қойылымдағы Еркемектің образын болып жатқан оқиғаларға өз көзқарасымен қарайтын, айналадағы көріністі өздігінен бағалайтын кейіпкер ретінде алып шығуға тырыстым, – дейді режиссер М.Хабибуллин.

Шығармадағы басты кейіпкер Қамажайдың рөлін сомдаушы театр актрисасы – Динара Шымырбаева. Актрисаның сөзінше, өзіне бекітілген басты

кейіпкердің образы болмысына жақын болыпты. Дайындық барысында режиссердің актерлерге еркіндік бергенін, соның арқасында кейіпкердің ішкі күйін сезіне отырып жұмыс істегенін атап өтті.

– Қойылымға дайындық тамыз айында басталды. Оның арасында түрлі іс-шараларға қатысып тұрдық. Бірақ соған қарамастан дайындықты үзбеуге тырыстық. Дайындық кезінде режиссермен жұмыс істеген ұнады. Режиссердің актерлермен жұмыс істеуі, оларға еркіндік бере білуі, қойылымды қоюдағы еңбегі жоғары болды деп айта аламын. Барымызды салып, рахаттана жұмыс істей алдық. Әпке образы табиғатыма өте жақын. Себебі отбасымызда мен де үйдің үлкенімін. Өзімнен кейін екі бауырым бар. Қамажай сияқты артындағы бауырларына қарайлап, жеке басының мүддесін шетке ысырып қойған жандар қаншама. Қазақ әйелінің болмысына тән қасиеттерді осы әпкенің бойынан табуға болады, – дейді ол. Ал актриса автор тарапынан айтылған сынды қалай қабылдайды?

– Дулат ағаның айтқаны да жөн шығар. Өйткені бұл – Дулат ағамыздың жүрек түкпірінен шыққан туынды. Өзінің әпкесіне арналып жазылған шығарма болғандықтан, осы қойылымнан әпкесі мен бауырларын іздеуі орынды деп ойлаймын. Айтылған сынды қабылдамауға құқығымыз жоқ. Енді

“

Қоғам мен адам санасы өзгерісінің ұлттық құндылықтарға тигізген ықпалы аталған қойылымда көрініс табады. Жастайынан ата-анасынан айырылып, жетім қалған балалардың тағдыры көрермен жүрегіне елжіретпей қоймасы анық.

сынның барлығы уақыт өте келе өз қалпына келеді деп ойлаймын, – деп сөзін түйіндеді Д.Шымырбаева.

Естеріңізге салайық, «Әпке» драмасының кезекті қойылымы 7, 8, 23 желтоқсан күндері сахналанады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қытай астанасында Қазақстанның мәдени күндері өтті. Қазақтың әуелеген әні мен күмбірлеген күйі Қытайдың ең үлкен ұлттық сахнасында шырқалды. Мәдени күндер аясында ұйымдастырылған іс-шаралардың ішінде осы концертті жұрт ерекше қабылдады. Роза Бағланова атындағы мемлекеттік ұжымның өнерпаздары бұл сапарға 6 айдан астам уақыт дайындалған. Өнерпаздар қазақ пен қытай халық әндерін қос тілде орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

ҚЫТАЙДА ШЫРҚАЛҒАН ҚАЗАҚ ӘНІ



Фестивальға Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысынан бастап, Қытайдың мемлекеттік органдары, дипломатиялық корпус, елшілер мен қазақ-қытай достығына үлес қосып жүрген тұлғалар қатысты. Бейжінде білім алып жүрген студент жастар және кандастар да ерекше сағынышпен тамашалады.

– Жалпы, Қазақстанның мәдениеті, өнері қалай дамып келеді? Соны көрсеткіміз келді. Өйткені біздің өздеріңіз көргендей, өзіміздің фольклорымыз, яғни ұлттық өнерімізді көрсеттік, – дейді режиссер Думан Әкім.

Бағдарламада ұлттық домбыра, қобыз, опералық және классикалық өнер көрініс тапты.

«ҚЫЗ ЖІБЕК» – ФРАНЦИЯДА



Францияда бесінші рет ұйымдастырылған қазақ киносы фестивалінде «Қыз Жібек» фильмі көрсетілді. Қазақстандық фильмдердің дамып-өркендеуіне қосқан үлесі үшін ВезУльдегі фестиваль дирекциясы атынан отандастарымызға алтын адам мүсіні табысталды.

Халықаралық шара режиссер Сұлтан Қожықовтың дүниеге келгеніне 100 жыл толуына арналған.

Қазақ киносының бесінші фестивалінде «Қыз Жібектен» бөлек, «Бақыт» драмасы, «Тау пиязы» комедиясы, Денис Тен сценаріі бойынша түсірілген деректі фильм көрсетіледі. Ал бағдарлама соңында әйгілі «Дос-Мұқасанның» музыкалық фильмінің тұсаукесері өтеді.

JASTAR JALYNY ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

4 желтоқсан күні басталып, 12 желтоқсанға дейін созылатын фестиваль барысында жастар 10 номинация бойынша сынға түседі.

Фестиваль Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өтеді.

«Jastar jalyny–2023» фестивалі жастардың шығармашылық әлеуетін ашу, дарынды жастарды анықтау, дарынды балалар мен ұжымдардың шығармашылық дамуына қолдау көрсету және жағдай жасау, рухани және мәдени әлеуетін дамыту, студенттерге эстетикалық және этикалық тәрбие беру жүйесін жетілдіру, белсенді азаматтық, әлеуметтік жауапкершілік, патриоттық сезім, адамгер-

шілік құндылықтар мен көшбасшылық қасиеттерді арттыру мақсатында өткізіледі.

Фестивальдің конкурстық бағдарламасына Астана қаласының 15 университеті қатысады.

«Jastar jalyny–2023» фестивалінде ұсынылған номинациялар:

Эстрада, Ұлттық би, Заманауи би, Музыкалық аспаптар, Шахмат, Поэзия, Медиа, Театр, Сурет, Qazaq Quiz.

«Jastar jalyny–2023» фестивалінің қазылар алқасы еліміздің ең тәжірибелі мамандарынан жасақталды.

Бағдарламаны мәдениет және өнер қайраткерлері, еліміздің еңбек сіңірген әртістері, кәсіби хореографтар мен видеографтар бағалайды.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербак ЖАҒАФСАЙ –
Қызылорда облысы
Бапи ЖАНҰЗАК –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4384
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,